

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Сапалы білім беру» тұрақты даму мақсатының төртінші тақырыбы аясында ашық сабақ өткізілді

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.02.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/149107/>

2024 жылдың 08 ақпанында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Филология факультеті, Шетел филологиясы және Аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен, Шетел филологиясы мамандығында оқитын 1-ші курс магистранттары Байманасова А. А. мен Мурзакенова К. А. және аға куратор әрі топ эдвайзері Байелі Ә. Ж. “Тұрақты даму мақсаттары” жобасының 4-інші тақырыбы, “Сапалы білім беру” тақырыбы аясында “6B02303 — Шетел филологиясы ” мамандығының 1-курс студенттерімен ашық сабақ өтті.

Ашық тәрбие сағатының мақсаты: жастардың сапалы білімге деген құштарлығын оятып, рухани тәрбие беру. Ашық тәрбие сағаты дөңгелек үстел түрінде өтіп, оған 15 студент қатысты. Сабақ барысында студенттер өз ойларын ашық жеткізіп, белсенді қатысты. Студенттер өз ойларын ашық білдіріп, әр студент сұрақтарға жауап беріп, барлық тапсырмаларды орындады. Студенттер сапалы білім ұғымын кеңірек сипаттап, басқада жаңа мәліметтермен танысты. Ашық сабақ жоспарланған уақытымен өтіп, мақсатқа толықтай жетті.

Ашық сабаққа қатысушы студенттер Қазақстан мен шет елдердегі оқу жүйесімен танысып, білімнің қаншалықты сапалы деңгейде беріліп жатқандығы жайлы мәлімет алып, өз ойларымен де кең түрде бөлісті.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.